	<p>«Жыл құстары» Міндеттері: Жылы жақтан ұшып келген құстарға бақылау жасау. Жыл құстарының ерекшеліктерін айтып беру, әңгімелесу. Құстардың суретін салу. Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. (қоршаған ортамен таныстыру, сурет</p>	<p>«Көктемнің шуақты күні» Міндеттері: Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Көктем мезгілінің ауа райы мен шуақты күнін бақылау. Көктемгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін</p>	<p>«Күн планетасы» Міндеттері: Күн планетасы туралы білімдерін кеңейту. Күннің мезгілдерге байланысты жылулық беретінін түсіндіріп беру. Балаларды ғарыш әлемімен таныстыру. Ғарыш әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Қазақстан ғарышкерлерімен таныстыру. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. «Күн» тақпағын жатқа айтуға дағдыландыру. Дайын картон қағаздардан</p>	<p>«Төлдер» Міндеттері: Балаларды ауыл шаруашылығы туралы және мал шаруашылығы, малдың төлдеуі туралы түсіндіру. Малды ұрып, соғуға болмайтынын, оларда тіршілік иесі екенін ұғындыу. Ақ мақтаны қой бейнеленген қағазға жапсыртқызу</p>	<p>«Қызыл телпек» ертегісі Міндеттері: Балаларды тыңдаған ертегісін өзі әңгімелеп айтып беруге үйрету. Жақсы мен жаманды ажырата алуға баулу. көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. Қол</p>

	<p>салу, құрастыру (коммуникативтік-әлеуметтік, шығармашылық дағдылар)</p>	<p>атап, түсін түрін атап, санап, топқа алып келу. Сан және санау дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері) (коммуникативтік-әлеуметтік, танымдық дағды) «Қызғалдақ гүлі» Міндеттері: Балалармен көктемде күлдер бүршік жарып әдемі болып өсетіні туралы түсіндіру. Өсімдік, гүлдерді жұлмауға үйрету. Қызғалдақты қағаздан қиып жасау. (жапсыру, сөйлеуді дамыту) (коммуникативтік-шығармашылық дағдылар)</p>	<p>зымыран құрастыруға дағдыландыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, құрастыру) (танымдық коммуникативтік, шығармашылық дағдылар) Дидактикалық ойын «Көктемгі еңбек» Міндеттері: Көктем мезгілінде барлық шаруалар Жер тыңайтып, жыртумен айналысады. Егін егуге дайындалатынын әңгімелеп беру. Ермексизден көкөністер мен жемістердің мүсіндерін жасауға үйрету. Саусақтардың және қол алақандарының қимылдарын қолдана отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; (сөйлеуді дамыту, сурет салу мүсіндеу) (коммуникативтік-шығармашылық дағдылар)</p>	<p>арқылы қол моторикаларын дамыту. қоршаған ортамен таныстыру сөйлеуді дамыту, мүсіндеу (танымдық коммуникативтік-шығармашылық дағдылар)</p>	<p>саусақтары мен алақандардың қозғалысын пайдалана отырып, екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) (коммуникативтік-шығармашылық, физикалық дағдылар)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				

<p>Серуен</p>	<p>Ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштардағы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін арттыру. (Танымдық дағдылар) Қимылды ойын. «Күн мен түн» Мақсаты: Баланың қимыл белсенділігін арттыру. Еңбек. Ойын алаңын жинау. Еңбек іс әрекетін қалыптастыру. Дене шынықтыру бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: Ақырын және қатты адымдау, аяқ бұлшық еттерін дамыту. Еркін тақырыпта балалардың қалауы бойынша ойын (денсаулық-қимыл қозғалыс әрекеті)</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Мақсаты: Күннің ашық, немесе бұлтты екенін ажырату. (Танымдық дағдылар) Қимылды ойын. «Күн мен түн» Мақсаты: Баланың қимыл белсенділігін арттыру. Еңбек әрекеті Ойын алаңын жинау. Еңбек іс әрекетін қалыптастыру. Математика негіздері бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: Заттарды көлемі бойынша топтастыру. Еркін тақырыпта балалардың қалауы бойынша ойын (денсаулық-қимыл қозғалыс ойын әрекеті) Балалармен таза ауада ән айтып, би билеу. (музыка) (шығармашылық дағдылар)</p>	<p>Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райындағы маусымдық өзгерістерді ажырату. (танымдық коммуникативтік дағдылар) Қимылды ойын. «Қояндар мен сәбіздер» Мақсаты: Баланың қимыл белсенділігін арттыру. Еңбек әрекеті Үлкендердің еңбегіне қамқорлық таныту. Ойнаған ойыншықтарын жинау. Сөйлеуді дамыту бойынша жеке жұмыс. Дидактикалық ойын. Айналадан не көріп тұрсың? Міндеті: Сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту. (коммуникативтік-танымдық дағды)</p>	<p>Бақылау: Құстарды бақылау. Мақсаты: Балабақша маңында ұшып жүретін құстар туралы білімдерін дамыту. Қимылды ойын. «Мысық пен тышқан» (танымдық, коммуникативтік дағдылар) Міндеті: Баланың қимыл белсенділігін арттыру. (денсаулық-қимыл қозғалыс ойын әрекеті) Еңбек әрекеті Үлкендердің еңбегіне қамқорлық таныту. Ойнаған ойыншықтарын жинау. Дене шынықтыру бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: Допты тура нысанаға лақтыру. Қимыл қозғалысын дамыту</p>	<p>Бақылау: Көктем мезгілін бақылау. Мақсаты: Көктем мезгілінде болатын ауа райын бақылау. Ерекшеліктерін атау (күн жылынды, қар еріп кетті) (Танымдық, коммуникативтік дағдылар) Қимылды ойын : «Қолшатыр» Мақсаты: Балаларды топпен ұйымшылдықта ойнауға үйрету. (қимыл-қозғалыс ойын әрекеті). Еңбек әрекеті: Ойнаған ойыншықтарын жинату. Мақсаты : Балаларды еңбекке баулу Құстарға арналған ұя Мақсаты: өздері алып шыққан шағын ағаштардан ұя құрастыру. Ойлау, қол маторикасын дамыту. (шығармашылық, танымдық дағдылар)</p>
----------------------	---	--	---	---	--

Серуеннен оралу	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспей, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа	Хореография вариатив «Жануарлар қайда тіршілік етеді?» Дидактикалық ойын. Міндеттері:	Ағаштар мен гүлдерге геометриалық пішіндерді қолданумен жол табу Роботтар арқылы кеңістікті бағдарлау. Міндеті: Кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту, пішіндерді	Хореография вариатив «Анамызға сыйлық» Міндеттері: гүлдерден кестелер жасап, аналарына сыйлауға дайындау. Қол	«Қамыр илеу » Міндеті: Балаларға ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр	«Қызықты аспан әлемі» Міндеттері: аспан әлемінің бейнесін салу, аспан денелерін жасау, оларды жапсыру арқылы композиция жасау. Балалардың қол

әрекеттер)	Жануарлардың күзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. Құмнан қоралар жасау. (қоршаған ортамен танысу, құрастыру) (шығармашылық танымдық дағдылар)	ажырата білуге дағдыландыру. (математика негіздері танымдық дағдылар)	маторикасын дамыту. Кітаптар қарау, балалардың еркін іс әрекеті (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту) (шығармашылық коммуникативтік дағдылар)	жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату. (мүсіндеу, шығармашылық дағдылар)	маторикасын дамыту. (жаспыру, шығармашылық дағдылар) «Әдемі ұшақ» Мақсаты:Конструкторл армен ұшақты құрастыруға үйрету. (құрастыру-шығармашылық дағдылар)
Балалармен жеке жұмыс	Алинур ,Раянамен заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді жасауға үйрету(құрастыру-шығармашылық дағдыларынжетілдіру)	Ислам , Рузанамен геометриялық пішіндерді қайталау,геометриялық пішіндерді ажырата білуге баулу. (Танымдық дағдыларын жетілдіру)	Бекарыспен дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрту (коммуникативті дағдылар)	Айсана мен Айтөреден гигиеналық дағдыларға үйрету. (физикалық қасиеттерді дамыту.)	Бексұлтаннан заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу дағдысын үйрету.(Танымдық дағдыларын жетілдіру)
Кешкі ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Сруенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.				

Серуен	«Қоян мен қасқырлар» қимыл қозғалыс ойыны.	Эстафеталық ойын «Кім жылдам» Максаты; Балалардың қимыл белсенділігін арттыру, ойынға қызығушылығын арттыру.	Қимылды ойын: «Қасқыр мен торғайлар» Максаты; Балалардың қимыл белсенділігін дамыту	Балалардың ойынды өз бетінше ойнауына жағдай жасап ойнату Еркін ойындар	Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Максаты; Балалардың қимыл белсенділігін арттыру.
Серуеннен оралу	Балалардың қолдарын жуғызып, гигиеналық дағдыларды сақтау. Киімдерін шкафтарына ұқыпты жинату.				
Балалардың дербес іс-әрекеті әрекеттері	«Сақина салу» ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен таныстыру. Бірнеше рет ойнату.	Қ/О: «Өз үйінді тап» Міндеті: қимыл қозғалысын дамыту. (Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қонжық" . Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктер аясын кеңейту, қонжықтың дене құрылысы жөніндегі білімдерін пысықтау.	Қ/О: «Балабақшам бақытым» Музыка әуенімен. Міндеті: Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру (Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті) Санамақтар айтқызу. Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп.	Сюжетті-ролдік ойын: «Аурухана» Міндеті: Балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынаста тәрбиелеу. Сөздік қорларын молайту. (Коммуникативтік, әлеуметтік дағдылар)	Қ/О: «Сиқырлы пішіндерден секір» Міндеті: қимыл қозғалысын дамыту. (Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)

			<p>Жұма күні жидек тердік қыратта,</p> <p>Сенбі күні кино көрдік.</p> <p>Жексенбіде үйде болып демалдық,</p> <p>Осылайша өте шықты бір апта.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>		
Ата-анамен әңгімелесу, кеңес беру,балаларды үйге қайтару	Көктем мезгіліне байланысты балаларды ауа райына қарап киіндіріп келуді айту.	Табиғи материалдарды жинауға көмектесу.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Отбасында қандай ойындар ойнау керектігін ұсыну.	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.

Тексерілген күні: 19.04.2024ж

Ұсыныс: Балалардың сурет жасауда тәсілдерін үйрендіретіндігі.

Әдіскер



Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы (мамыр)1 апта

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

Топ: «Балақан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3жас

Тәрбиешілер: Толемисова А.К, Исан С

Жоспарды құру кезеңі: 29.04.-03.05.2024ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 29.04.2024	Сейсенбі 30.04.2024	Бейсенбі 01.05.2024 демалыс	Жұма 02.05.2024	Сенбі 03.05.2024
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жайлы жағдай жасау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін қалыптастыру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) . Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын «Бұл қандай ағаш?» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Ағаш түрлерін ажыратуға уйрету. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық, зерттеу әрекеті)	Үстел үсті ойын: «Бұл ненің даусы» Мақсаты: Балалардың есту,ойлау қабілетін арттыру.. (құрастыру.- танымдық – коммуникативтік дағдылар)		Дидактикалық ойын: «Қай мезгіл» Мақсаты: Маусымдақ өзгерістерге байланысты жыл мезгілдерін ажыратуға уйрету. (Танымдық, коммуникативтік дағдылар)	Қимылды ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Балалардың топтасып жұмыс жасауға ұйымшылдыққа уйрету.Жылдамдық, шапшаңдық қабілеттерін арттыру. (ойын: қимыл-қозғалыс әрекеті, коммуникативтік, денсаулық дағдылары)
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарын төмен түсіріп тұру. "Міне, біз қандай биікпіз!",- деп қолдарын жоғары көтеру, отыру және қолдарын тізесіне қою.				

	<p>"Міне, біз қандай кішкентаймыз!",- деп, бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып: қолдарын артқа тіреліп, аяқтарын біріктіріп, алға созып отыру. Аяқтарын бұғу, тізесін өзіне қарай тарту және аяқтарын созу.</p> <p>Бастапқы қалып: қолдарын иектеріне қойып, етпетімен жату. Қолдарын алға созу, нұсқаушыға көрсету және алақандарын артқа қойып, "балық" болып жүзеді.</p> <p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарын еркін төмен түсіріп тұру.</p> <p>Орындарында "торғайша" секіреді.</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p> <p>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Таңғы жиын. Балалармен жаңалықтарымен бөлісу, жақсы тілектерін айтқызу.</p> <p>Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру). Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл:</p> <p>Жүру. Міндеті: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. Қимылды ойын:</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл:</p> <p>Тепе - теңдікті сақтау. Міндеті: Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру.</p>		<p>Музыка Тақырыбы: «Достық –біздің тірегіміз (халықтар достығы)»</p> <p>Міндеті: Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру.</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл:</p> <p>Тепе - теңдікті сақтау. Міндеті: Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру.</p>

	<p>«Көжектер» Мақсаты: қимыл-қозғалысты, бақылағышты дамыту.</p>	<p>Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.</p>			<p>Қимылды ойын: «Көжектер» Мақсаты: қимыл-қозғалысты, бақылағышты дамыту.</p>
	<p>«Достық, татулық-береке бастауы» Міндеттері: Қазақстан республикасында тұратын ұлт өкілдері туралы білімдерін арттыру. Достыққа, бірлікке тәрбиелеу. Алақандарын бояуға батыра отырып, дәстүрден тыс сурет салғызу. Ұлт үкілдеріне арнап мозайкалардан ұлттық тағам құрастыру. Қол маторикасын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, құрастыру (коммуникативтік-</p>	<p>Сурет салу Көңілді көктем Міндеттері: Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Серуенді бақша ауласын аралап, көктемгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, түсін түрін атап, санап, топқа алып келу. Сан және санау дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері) (коммуникативтік-элеуметтік, танымдық дағды)</p>		<p>«Күн, ай және жұлдыз» Міндеттері: Балаларды аспан денелері: Күн, ай, жұлдыздармен таныстыру. Аспан денелерін ажырата білуге баулу. Ғарышкер мамандығымен таныстыру. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Аспан денелерін ермексизден мүсіндеуге баулу. Қол маторикасын дамыту.</p>	<p>«Сиқырлы сандықтың тапсырмалары» Міндеттері: көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. Қол саусақтары мен алақандардың қозғалысын пайдалана отырып, екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті.</p>

	әлеуметтік ,шығармашылық дағдылар)	« Көктемгі бүршіктер » Міндеттері: Балалармен бірге бүршіктерді бояп таңбалап қағаз бетіне басу әдісімен мен шағын бұтақтардан икебано жасап безендіру заттарын жасап, топты безендіру. Балалардың қол моторикасын дамыту. Кітаптардан көктемгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдау. (жапсыру, сөйлеуді дамыту) (коммуникативтік-шығармашылық дағдылар)		қоршаған ортамен таныстыру сөйлеуді дамыту ,мүсіндеу (танымдық коммуникативтік-шығармашылық дағдылар)	Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) (коммуникативтік-шығармашылық ,физикалық дағдылар)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштардағы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін арттыру.(Танымдық дағдылар) Қимылды ойын.	Желді бақылау. Мақсаты: Желдің қай бағыттан соғып тұрғанын анықтау.(Танымдық дағдылар) Қимылды ойын. « Мысық пен торғайлар » Мақсаты: Баланың		Бақылау: Құстарды бақылау. Мақсаты: Балабақша маңында ұшып жүретін құстар туралы білімдерін дамыту. Қимылды ойын. « Мысық пен	Бақылау: Көктем мезгілін бақылау. Мақсаты: Көктем мезгілінде болатын ауа райын бақылау.Ерекшеліктерін атау(күн жылынды, қар еріп кетті)

	<p>«Кім жылдам» Мақсаты: Баланың қимыл белсенділігін арттыру. Еңбек. Ойын алаңын жинау. Еңбек іс әрекетін қалыптастыру. Дене шынықтыру бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: Ақырын және қатты адымдау, аяқ бұлшық еттерін дамыту. Еркін тақырыпта балалардың қалауы бойынша ойын (денсаулық-қимыл қозғалыс әрекеті)</p>	<p>қимыл белсенділігін арттыру. Еңбек әрекеті Ойын алаңын жинау. Еңбек іс әрекетін қалыптастыру. Математика негіздері бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: Заттарды биітігі, ені бойынша топтастыру. Еркін тақырыпта балалардың қалауы бойынша ойын (денсаулық-қимыл қозғалыс ойын әрекеті) Балалармен таза ауада ән айтып, би билеу. (музыка) (шығармашылық дағдылар)</p>		<p>тышқан» (танымдық, коммуникативтік дағдылар) Міндеті: Баланың қимыл белсенділігін арттыру. (денсаулық-қимыл қозғалыс ойын әрекеті) Еңбек әрекеті Үлкендердің еңбегіне қамқорлық таныту. Ойнаған ойыншықтарын жинау. Дене шынықтыру бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: Допты тура нысанаға лақтыру. Қимыл қозғалысын дамыту. Еркін тақырыпта балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру</p>	<p>(Танымдық, коммуникативтік дағдылар) Қимылды ойын : «Қолшатыр» Мақсаты: Балаларды топпен ұйымшылдықта ойнауға үйрету. (қимыл-қозғалыс ойын әрекеті). Еңбек әрекеті: Ойнаған ойыншықтарын жинату. Мақсаты : Балаларды еңбекке баулу Құстарға арналған ұя Мақсаты: өздері алып шыққан шағын ағаштардан ұя құрастыру. Ойлау, қол маторикасын дамыту. (құрастыру-шығармашылық, танымдық дағдылар)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Түскі ас</p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p>				

	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Хореография Вариатив «Ақылды үй жануарлары» Дидактикалық ойын. Міндеттері: Жануарлардың тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. Құмнан қоралар жасау. Ойындар ойнату.	Ағаштар мен гүлдерге геометриялық пішіндерді қолданумен жол табу Роботтар арқылы кеңістікті бағдарлау. Міндеті: Кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту, пішіндерді ажырата білуге дағдыландыру. (математика негіздері танымдық дағдылар)		«Қамыр илеу » Міндеті: Балаларға ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату. (мүсіндеу, шығармашылық	«Қызықты аспан әлемі» Міндеттері: аспан әлемінің бейнесін салу, аспан денелерін жасау, оларды жапсыру арқылы композиция жасау. Балалардың қол моторикасын дамыту. (жаспыру, шығармашылық дағдылар) «Әдемі ұшақ» Мақсаты: Конструкторлармен ұшақты

	(қоршаған ортамен танысу, құрастыру) (шығармашылық танымдық дағдылар)			дағдылар)	құрастыруға үйрету. (құрастыру-шығармашылық дағдылар)
Балалармен жеке жұмыс	Айтөремен үй жануарына қора құрастыру. Мақсаты: Балалардың құрастыру дағдысын жетілдіру. Ойлау, сөйлесу қабілетін арттыру. (құрастыру-шығармашылық дағдыларын жетілдіру)	Рузанамен геометриялық пішіндерді, заттың көлемін қайталау. Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажырата білуге баулу. (Танымдық дағдыларын жетілдіру) Қалған балалар жеке топтарға бөлініп жұмыс асайды.		Айсана мен Бекарыстан заттардың көлемі туралы қайталау. Мақсаты: Заттардың көлемін ажыратуға үйрету. (Танымдық дағдыларын жетілдіру)	Темірланнан техникалық құралдар туралы сұрау. Мақсаты: Техника құралдарын ажырата білуге дағдыландыру. (Танымдық дағдыларын жетілдіру)
Кешкі ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Сруенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Балалардың өз өзіне қызмет ету дағдысын жетілдіру.				
Серуен	. Қимылды ойын: «Торғайлар» Мақсаты; Балалардың қимыл белсенділігін арттыру, жануарлардың қимыл қозғалысын келтіру.	Эстафеталық ойын «Көк ту» Мақсаты; Балалардың қимыл белсенділігін арттыру, ойынға қызығушылығын арттыру.		Балалардың ойынды өз бетінше ойнауына жағдай жасап ойнату Еркін ойындар	Қимылды ойын: «Мысық пен торғай» Мақсаты; Балалардың қимыл белсенділігін арттыру.

Серуеннен оралу	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.				
Балалардың дербес әрекеттері	«Артығын тап» Мақсаты: Берілген тізбектен артық затты таба алады. (сөйлеуді дамыту,) коммуникативтік дағдылар	«Көңіл-күйді бейнеле» Мақсаты: Көңіл-күй суреттерін таба алады. (қоршаған ортамен таныстыру) Танымдық дағдылар		«Шытырман» Мақсаты: Суретті қателерді табады. (сөйлеуді дамыту, сурет салу)Коммуникативтік -шығармашылық дағдылар	«Қай мезгілде болады?» Мақсаты: Суреттен мезгіл құбылыстарын айта алады. (қоршаған ортамен таныстыру) Танымдық дағдылар
Ата-анамен әңгімелесу, кеңес беру,балаларды үйге қайтару	«Техника және біз» тақырыбында балаларымен әңгімелесуді ұсыну.	«Баланың жеке бас гигиенасы» туралы ата-анаға кеңес		Баланың тілін дамытудың маңызы.Ата-анаға кеңес.	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.

Тексерілген күні: 26.04.2024 А

Ұсыныс: ҮІД-кеңестеріне негізделгендіктен өзгерістермен сәйкестендірілуі

Әдіскер



Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы (мамыр) 2 апта

Білім беру ұйымы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

Топ: «Балақан» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Толемисова А.К, Исан С.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.05.2024-10.05.2024

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 06.05.2024	Жұма 10.05.2024
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (коммуникативтік әрекет). Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары («Пазл», «Қандай пішін?», «Кімге не қажет?», «Сыңарын тап»), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктерге күтім жасау)</p> <p>Балалармен жеке жұмыс.</p> <p>Гүлдерге су құю, жапырақтарының шаңын сүрту. (Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»</p> <p>Міндеті: сөздік қорын толықтыра отыра, шапшандылыққа баулу.</p> <p>Шарты: сұрақтар қойылып балалар жауап береді.</p> <p>(коммуникативтік әрекет)</p>	
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарын төмен түсіріп тұру.</p> <p>"Міне, біз қандай биікпіз!",- деп қолдарын жоғары көтеру, отыру және қолдарын тізесіне қою.</p> <p>"Міне, біз қандай кішкентаймыз!",- деп, бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып: қолдарын артқа тіреліп, аяқтарын біріктіріп, алға созып отыру. Аяқтарын бүгу, тізесін өзіне қарай тарту және аяқтарын созу.</p> <p>Бастапқы қалып: қолдарын иектеріне қойып, етпетімен жату. Қолдарын алға созу, нұсқаушыға көрсету және алақандарын артқа қойып, "балық" болып жүзеді.</p>	

	<p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарын еркін төмен түсіріп тұру. Орындарында "торғайша" секіреді.</p>	
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту) Таңғы жиын. «Таңғы ас» Сырттан келіп үнемі Сабынмен қол жуамыз Таза болып мұнтаздай Тағамға қол созамыз (коммуникативтік әрекет)</p>	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т.б. Ұйымдастырылған іс-әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)</p>	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл: Жүгіру. Міндеті: белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру.</p> <p>Қимылды ойын: «Қайда жасырылғанын тап»</p> <p>Мақсаты: Балаларды қырағылыққа байқампаздыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл: Домалату, лақтыру, қағып алу. Міндеті: Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық).</p> <p>Қимылды ойын: «Лақтыр да қағып ал» Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Нұсқаушының берген белгісін мұқият тыңдай білуге тәрбиелеу.</p> <p><i>(Сөйлеуді дамыту)</i></p>

	<p>(сөйлеуді дамыту) «Жыл мезгілдері» Міндеті: Жыл мезгілдерін атай отырып, дұрыс орналастыру. (көркем әдебиет) «Ертегі кейіпкерлерін сипаты бойынша тап» Міндеті: Ертегі кейіпкерлеріе жағымды, жағымсыз қасиеттерін сипаттау. (коммуникативтік дағды) (қоршаған орта) «Қай мамандық иесінің құралы» Міндеті: Бірнеше құралдарды мамандық иесіне сәйкестендіру (топтық жұмыс) (әлеуметтік-эмоционалды дағды) (математика негіздері) Міндеті:«Дұрыс орналастыр» Мақсаты: Заттарды көлеміне байланысты ұяшықтарға орналастыру. Сурет салу, Міндеті: дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. (Танымдық, Шығармашылық әрекет)</p>	<p>«Қайталап дұрыс айт» Міндеті: Өлең шумақтарын дұрыс айта отырып қайталап жаттау <i>Балалар –ау балалар Шақырады далалар</i> <i>Көктем келді гүл алып</i> <i>Құстар келді жыр алып</i> <i>(көркем әдебиет)</i> «Бөлме гүлін тап» Міндеті: дала гүлдері мен бөлме гүлдерін ажырату. Көктем гүлі даланың Десек сәні ажары Бүлдіршіндер ананың Қуанышы базары (коммуникативтік дағды) <i>(құрастыру)</i> Менің қаламдағы әдемі көпірлер Міндеті:Құрылыс ойыншықтарынан үйлер құрастыру біліктерін арттыру, (математика негіздері) «3 санының көршісі қай сан?» қайталау Міндеті. Санау арқылы заттарды салыстырып, цифрлық белгісі арқылы көршісін тауып анықтай білуге үйрету , жылдамдыққа шапшандыққа дағдыландыру (Танымдық, Шығармашылық әрекет)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс әрекеттер арасындағы сергіту сәттерін өткізу</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Ақ қоян», - «Киіз үй», - «Көктемде», - «Көңілді балалар», - «Бір орнында» 		

Екінші таңғы ас	Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік). Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге шығар алдында қауіпсіздік шараларын түсіндіру. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуге тәрбиелеу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.	
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.	
	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау <i>Міндеті:</i> Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. Қимылды ойын «Төбешіктен-төбешікке».</p>	<p>Бақылау: Құстың ұясын бақылау. Тал басында бір отау (Ұя) Балаларды құстың ұясын бұзбауға, оған қамқор болуға , жанашырлық жасауға үйрету. Үлескедегі еңбек: Жыра жүргізу. Күннің көзіне еріп жатқан қарлардан жыра арқылы жүргізу. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ». Қимыл – іс әрекетін дамыту, аңғарымпаздылыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p>
Серуеннен оралу	«Менің киімім» Мақсаты: Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарын жинақы ұстауға тәрбиелеу.	
	<p>Көктем келді алақай Қуанар барлық балақай, Көктемде жаңбыр болады, Бақшаға гүлдер толады.</p>	<p>Тақпақ <i>Көктем қандай көңілді, Көктем жаңбыр төгілді. Мөлдір аспан ашылып, Күннің көзі көрінді.</i></p>

<p>Түскі ас</p>	<p>Гигиеналық шараларды орындау: қолды сабындап жуу, дұрыстап құрғатып сүрту. Кезекшілердің жұмысы: асзана құралдарын, майлықтарын үстелдерге қою. Түскі ас құрамымен таныстыру. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, алғыс айту) (мәдени гигиеналық дағдылар, өз өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті) Көркем сөз Нан қоқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар.(коммуникативтік әрекет)</p>	
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Музыка терапиясы</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. <i>(Музыка)</i></p>
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</i>.</p>	
<p>Бесін ас</p>	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</i> Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету</p>	
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті</p>	<p>Хореография вариатив (сөйлеуді дамыту) Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын орындату. (құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру) Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр</p>	<p>(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру) Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу</p>

	түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату.	
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстрып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	
	Алинур, Гибратпен отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытуға ынталандыру.	Нариман мен Айшаға үй жануарлары және төлдерін қайталату.
Серуенге дайындық	Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелік, серуендеуге шығу, топтық ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу.	
Серуен	Ауа райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау. (қоршаған ортамен таныу, танымдық және зерртеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті	
	Қимылды ойын «Өз үйіңті тап» Балабақша ауласындағы шыршаларды тамашалау. (физикалық қасиеттері дамыту)	Бірғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың қолдарын жуғызып, гигиеналық дағдыларды сақтау. Киімдерін шкафтарына ұқыпты жинату. Ұқыптылыққа, жинақылыққа дағдыландыру.	

<p>Кешкі ас</p>	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, және сүлгіні дұрыс іліп қою) Ақ мамықтай түгі бар, Қызыл, жасыл гүлі бар. Жұмсақтығы мамықтай, Сүртінесің жалықпай Тазалықтың досы Сүлгі деген осы Тамақтану кезінде балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері. Балалардың ұқыптылығын бағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>	
<p>Балалардың дербес әрекеттері</p>	<p>Мақал-мәтел үйрету Міндеті: Балалардың тілдік құзіреттілігін дамыту. Еркін ойындар (қимыл-қозғалыс, ойын-іс әрекеті) Қимылды ойын «Тырналар мен торғайлар» Мақсаты: Торғайлар мен тырналардың іс әрекетін қайталау. Бойларын сергіту.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Сикырлы қалта» Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. Затты қолмен ұстап, санау. Қандай зат екенін ұстап., көріп, анықтау.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Баланы ерте жастан еңбекке баулу»</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Демалыс күндері күндері серуенді қалай өткізу керек»</p>

Тексерілген күні: 03.05.2024 жж
Ұсыныс: *Балалардың қолжетімділік деңгейін бақылау*
Әдіскер: *[Signature]*

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы (мамыр) 3-апта

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

Топ: «Балақан» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Толемисова А.К, Исан С.

Балалардың жасы: 3жас

Жоспарды құру кезеңі: 13.05.-17.05.0.2024ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.05.2024	Сейсенбі 14.05.2024	Сәрсенбі 15.05.2024	Бейсенбі 16.05.2024	Жұма 17.05.2024
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жайлы жағдай жасау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін қалыптастыру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) . Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Жұмбақтар Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Жасырылған суреттер арқылы зейін, есту шығармашылық қабілеттерін аттыру. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық, зерттеу әрекеті)	Үстел үсті ойыны: «Аспан әлемі» Мақсаты: Балалардың есту,ойлау қабілетін арттыру.. (құрастыру.- танымдық – коммуникативтік дағдылар)	Дидактикалық ойын: «Қарама қарсы сөздер» Мақсаты: Балалардың антоним сөздер туралы білімдерін артыру. (танымдық, коммуникативтік дағдылар)	Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр» Мақсаты: Берілген дыбыстың орнын табуға машықтандыру.ойын барысында балаларды зейінді болуға дағдыландыру.Түстер ді тез айырып, жылдамдыққа,тапқырлыққа баулу. (Танымдық, коммуникативтік дағдылар)	Қимылды ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Балалардың топтасып жұмыс жасауға ұйымшылдыққа үйрету.Жылдамдық, шапшаңдық қабілеттерін арттыру. (ойын: қимыл-қозғалыс әрекеті, коммуникативтік, денсаулық дағдылары)
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) 1."Жіпті соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру.				

	<p>1-2-жіпті жоғары көтеру, оған қарау. 3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен" деу. "Бұрылу" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру. 1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу. 2- бастапқы қалып, сол жаққа орындау. "Сәл отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру. 1-2-сәл отыру, арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау. 3-4-бастапқы қалып. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау. 1-жіпті ұстаған күйде жоғары созу. 2-оңға еңкею. 3-бастапқы қалып. 4- сол жаққа орындау. "Бүгілу, майысу". Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда. 1-3-артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып.</p>
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын. Балалармен жаңалықтарымен бөлісу, жақсы тілектерін айтқызу. Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру). Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл: Домалату, лақтыру, қағып алу. Міндеті: Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық). Қимылды ойын: «Допты қақпаға түсір»Мақсаты: балаларды мергендікке, ептілікке, белгілі бірбағытты көздей білуге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл: Еңбектеу, өрмелеу. . Міндеті: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м). Қимылды ойын: «Кеглиді көзде» Мақсаты: мергендікке, ептілікке, белгілі бірбағытты көздей білуге үйрету.</p>	<p>Қазақ тілі Тақырыбы: «Сурет бойынша әңгіме құрастыру» Міндеті: Сурет бойынша сөйлем құрастыруға, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беруде, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. Сөзді естіп оны есте сақтай алу қабілеттерін дамыту. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ү, Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Аталған дыбысқа байланысты сөздер қатарын беріп, дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>	<p>Музыка Тақырыбы:«Ақпыз, қара, сармыз» Міндеті: Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге арқылы балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру.</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл: Еңбектеу, өрмелеу. . Міндеті: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м). Қимылды ойын: «Допты қақпаға түсір» Мақсаты: балаларды мергендікке, ептілікке, белгілі бірбағытты көздей білуге үйрету.</p>

	<p>«Біздің ауладағы құстар» Міндеттері: Бақша ауласына серуен жасау, құстарды бақылау, бақша ауласында өмір сүретін жануарларды бақылау. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. Құстардың суретін салу. Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. (қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, құрастыру (коммуникативтік-элеуметтік ,шығармашылық дағдылар)</p>	<p>Мүсіндеу «Жұлдызды құрт» Міндеттері: Мүсіндеу барысында кескіш құрал мен тақтайшаны дұрыс қолдануға үйрету.Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеу. Көңілді балабақша Міндеттері:Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Серуенді бақша ауласын аралап, көктемгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, түсін түрін атап, санап ,топқа алып келу.Сан және санау дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен танысу,математика негіздері) (коммуникативтік-элеуметтік,танымдық</p>	<p>Дидактикалық ойын «Балапандарды тамақтандыру» Міндеті: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді үйрету. (Коммуникатив-тік, элеуметтік дағды) Әңгімелесу «Менің тобым» Міндеті: «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету. <i>(элеуметтік, танымдық дағды)</i></p>	<p>«Менің достарым» Міндеттері: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде қолдануды үйрету. <i>(Коммуникативтік, элеуметтік дағды)</i> «Тәрелкедегі сәбіз бен қызылша» (жапсыру) Міндеті: Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерге желімді жағып, қиылған кесінділерді қағаз</p>	<p>«Сиқырлы ертегі кітабы» Міндеттері: көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. Қол саусақтары мен алақандардың қозғалысын пайдалана отырып, екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) (коммуникативтік-шығармашылық ,физикалық дағдылар)</p>
--	---	---	---	---	--

		<p>дағды) «Бәйшешектер» Міндеттері:Балалармен бірге бәйшешектерді бояп таңбалап қағаз бетіне басу әдісімен мен шағын бұтақтардан икебано жасап безендіру заттарын жасап, топты безендіру. Балалардың қол моторикасын дамыту. Кітаптардан көктемгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдау. (сурет салу жапсыру, сөйлеуді дамыту) (коммуникативтік-шығармашылық дағдылар)</p>		<p>бетіне дұрыс орналастыру дағдыларын жетілдіру.<i>(шығармашылық, әлеуметтік дағды)</i></p>	
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				

